

КеАҚ «ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ»

Медицина және денсаулық сақтау факультеті

БЕКІТІЛДІ
Медицина және денсаулық
сақтау факультетінің оқыту және
оқу сапасы жөніндегі
академиялық комитеті
Хаттама № 1
«26» қыркүйек 2024 ж.

ҚОРЫТЫНДЫ ЕМТИХАН БАҒДАРЛАМАСЫ
КЕШЕНДІ КЛИНИКАЛЫҚ ДИАГНОСТИКА КУРСЫ
/ИНТЕГРИРОВАННЫЙ КУРС КЛИНИЧЕСКОЙ ДИАГНОСТИКИ
/INTEGRATED CLINICAL DIAGNOSIS COURSE
4- КУРС

6В10 ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ ӘЛЕУМЕТТІК ҚАМСЫЗДАНДЫРУ ОҚЫТУ
БАҒЫТЫНДА 6В101 ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ БІЛІМ БЕРУ
БАҒДАРЛАМАСЫ

6В10103 ЖАЛПЫ МЕДИЦИНА

6В10103 ОБЩАЯ МЕДИЦИНА

6В10103 GENERAL MEDICINE

Бағдарламаның мақсаты – 4 курс студентінің осы модульді оқу барысында алған білімі, дағдылары мен машықтарын кешенді бағалау

Емтихан 2 кезеңнен тұрып, кешенді түрде өтеді..

1 кезең – кешенді тестілеу. Оның мақсаты – студенттің теориялық дайындық деңгейін анықтау, дағдыларды меңгеруін, кәсіби іс-әрекеттерге дайындығын, кәсіби ойлауының даму деңгейін бағалау..

2 кезең – стандартталған пациентпен ОҚКЕ әдісі бойынша тәжірибелік дағдыларын бағалау. Оның мақсаты - мамандықтың біліктілік талаптарына сай тәжірибелік және коммуникациялық машықтарды көрсету.

Әр пәннің емтиханын бағалау келесілерден тұрады:

Бағалаудың 1 кезеңі - тест бөлімі үшін – 40%

Бағалаудың 2 кезеңі тәжірибелік кезеңнің сәйкес станциясы үшін – 60%

Емтихан академиялық күнтізбеге сәйкес модульдің әрбір пәнінің соңында өткізіледі.

Тестілеу – әр студент пән бойынша 100 тест тапсырады

ОҚКЕ - әр студент әр пән бойынша 2 станциядан өтеді:

1. Кешенді клиникалық диагностика курсы/ Интегрированный курс клинической диагностики /INTEGRATED CLINICAL COURSE
2. Шұғыл жағдайлар/Неотложные состояния/ Urgent conditions

1 КЕЗЕҢ**Емтихан тест тапсырмаларының матрицасы**

Кешенді клиникалық диагностика курсы	ересектер	балалар
Жоғарғы тыныс жолдарының катаральды аурулары	5	2
Стридор және обструкция	5	2
Ентігу	5	2
Қызба	8	4
Синкопе. Шок	5	2
Артериальды гипертензия	5	2
Кеудеде ауру сезімі	5	2
Ісіну	5	2
Іштегі ауру сезімі. Диарея	5	2
Сарғаю және гепатит синдромы	8	4
Диабет (гипергликемия)Қышқыл-сілтілі жағдайдың бұзылуы	5	2
Гипернатриемия және гипонатриемия Гиперкальциемия	5	2
Анемия	5	2
Буыңдық синдром Белдегі ауырсыну	5	2
Бірден салмақ жоғалту	5	2
Бүйректің жедел зақымдану	5	2
Бас ауруы	5	2
Делирий	5	2
Иммунодефицитті жағдай, әлсіздік	5	2
Скрининг	5	2
	106	44

2 – КЕЗЕҢ

Кешенді клиникалық диагностика курсы	
	1. Жүрек жеткіліксіздігі
	2. Миокардит
	3. Диарея синдромы
	4. Иценко-кушинг
	5. Қызба синдромы
	6. Ойық жаралы колит
Жедел жағдайлар	1. АВ
	2. Гипертониялық криз
	3. Субарахноидальды қан кету
	4. Аналық без апоплексиясы

1 кезең – ProProfs-та MCQ бойынша тестілеу.

Әр бір студенттен 100 тест сұрағына жауап беру сұралады. Әр бір сұраққа 1,5 минут уақыт беріледі.

Тестілеу әр түрлі топқа арнайы уақыт бойынша жүргілетін болады

2 кезең - ОҚКЕ (объективті құрылымдық кешенді емтихан) симуляциялық орталықта стандартталған пациентпен 2 станцияда өткізіледі

Әр бір студентке идентификациялық нөмір тағайындалып, ол нөмірге белгілі бір сценарийлер жиынтығы сәйкес келеді. Әр студент 2 станциядан өтіп, әр станциядаға 30 минут уақыт беріледі. Студенттің сценарийлерге жауаптары ауызша және жазбаша түрде берілуі тиіс. Задания на каждой станции (согласно матрице заданий) основаны на клинических случаях.

1- станция – «Кешенді клиникалық диагностика курсы » - Студент белгілі бір патологиясында (клиникалық жағдайлар тізіміне сәйкес) стандартталған пациентте (қарау, пальпация, перкуссия және аускультация) және симуляторда (аускультация) анамнез жинау, физикалық тексеру дағдыларын, табылған нәтижелерді анықтап, интерпретациялау және жетекші синдромды таба алу қабілетін көрсету керек. Студент пациенттің шағымдары, анамнезі, физикалық тексеру нәтижелеріне сүйене отырып, болжамды диагноз қойып, пациентті тексеру жоспарын құра алу керек. Қажет болғанда лабораториялық-аспаптық зерттеу нәтижелері (қан талдауы, биохимиялық анализ, ҚСЖ, иммунологиялық сынамалар, плевра сұйықтығының талдауы, Р-грамма, КТ, МРТ, псирография, ЭКГ; ЭхоКГ, УЗИ, эндоскопия және т.б.) беріледі. Мәліметтер кешенінің негізінде студент қорытынды диагноз қойып, ем тағайындау қажет.

Әр бір станциядағы тапсырмалар жиынтығы әр студент үшін дара және қайталанбайды.

2-станция – Жедел медициналық көмек көрсету – студент науқастың жағдайын жылдам бағалау, критерийлер бойынша шұғыл араласуды қажет ететін жағдайдың диагнозын қою және алгоритм бойынша көмек көрсету, қажет болған жағдайда өз әрекеттеріне түсініктеме беру дағдыларын көрсетуі керек; шұғыл медициналық көмектің тиімділігін, мүмкін болатын асқынулар мен салдарларды бағалау бойынша білімдерін көрсету. Сондай-ақ шұғыл көмек көрсету кезінде мінез-құлық пен өзін-өзі бақылау, науқастың жағдайына және оның қауіпсіздігіне көңіл бөлу бағаланады.